

Бекітемін

ИП «Байғонусова З.Я.»

«АІ-Аділ» бөбекжай-балабақшасы

Байғонусова З.Я.

Менгеруші

«13» 10.09.2024 ж.



Ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Тақырыбы: "«Жаңа балабақша-жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер»
Ересек «Болашақ» тобы

Тәрбиеші: Валиулина Ж.Ж.

2024-2025 оқу жылы

*«AL-Adil» бөбекжай балабақшасы
Ересек "Болашақ" тобында өткізген
ата-аналар жиналысының хаттамасы.*

Хаттама №1

Тақырыбы: «Жаңа балабақша-жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер»

Топ: «Болашақ» ересек тобы

Күні: «13» мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: 9 ата-ана

Қатыспағандар: 3 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақшаның жаңадан ашылуы және ата-аналарды балабақша жұмысымен таныстыру.
2. Ересек тобына балаларды қабылдау және топтың күн тәртібі.
3. Балалардың балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру.
4. Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және жеке бас гигиенасы.
5. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері.
6. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастық.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгеруші З.Я Байгонуова сөз алды:

Жиналысты тәрбиеші ашып, жаңадан ашылған балабақшаның жұмысымен ата-аналарды таныстырды. Балаларды балабақшаға қабылдау, топтың күн тәртібі, тамақтану, ұйқы және оқу-тәрбие жұмыстары туралы түсіндірме берілді.

Балалардың балабақшаға тез бейімделуі үшін ата-аналар мен тәрбиешілердің бірлескен жұмысының маңыздылығы айтылды.

Балалардың қауіпсіздігін сақтау, баланы балабақшаға уақытында әкелу және алып кету, денсаулығына байланысты жағдайларды тәрбиешіге алдын ала хабарлау қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар ата-аналарға балабақшаның ішкі тәртіп ережелері таныстырылып, топтағы тазалық пен тәртіпті сақтауға бірлесіп атсалысу ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері сақталсын.
2. Балалардың күн тәртібін сақтау қамтамасыз етілсін.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына ата-аналар және педагогтер бірлесе жауапкершілікпен қарасын.
4. Балалардың оқу-тәрбие жұмыстарына тұрақты қатысуы қамтамасыз етілсін.
5. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасында тұрақты байланыс орнатылсын.
6. Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастық жолға қойылсын.